

"Өтініш берушінің байланыс саласында қызметтер көрсету жөніндегі жұмысты жүзеге асыруға сәйкестігін растайтын біліктілік талаптарын және құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 21 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 5 шілдедегі № 231/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 10 шілдеде № 33052 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Өтініш берушінің байланыс саласында қызметтер көрсету жөніндегі жұмысты жүзеге асыруға сәйкестігін растайтын біліктілік талаптарын және құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 21 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10373 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген өтініш берушінің байланыс саласында қызметтер көрсету жөніндегі жұмысты жүзеге асыруға сәйкестігін растайтын біліктілік талаптарында және құжаттар тізбесінде:

реттік нөмірі бірінші жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

1	техникалық басшылар мен мамандардың білікті құрамы, телекоммуникация саласында бейінді жоғары, техникалық немесе кәсіптік білімі бар инженерлік-техникалық мамандардың жалпы санының кемінде үштен бірі	өтініш берушінің байланыс саласында қызметтер көрсету жөніндегі жұмысты жүзеге асыруға сәйкестігін растайтын біліктілік талаптарына және құжаттар тізбесіне қосымшаға сәйкес байланыс саласындағы қызметті көрсету бойынша қызметпен айналысу үшін қажетті ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (бұдан әрі – Мәліметтер нысаны)	
---	---	---	--

".

қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі*

Б. Мусин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш
өнеркәсібі министрі
2023 жылғы 5 шілдедегі
№ 231/НҚ бұйрығына
қосымша
Өтініш берушінің байланыс
саласында қызметтер көрсету
жөніндегі жұмысты жүзеге
асыруға сәйкестігін растайтын
біліктілік талаптары және
құжаттар тізбесіне
қосымша

Өтініш берушінің байланыс саласында қызметтер көрсету жөніндегі жұмысты жүзеге асыруға сәйкестігін растайтын біліктілік талаптары және құжаттар тізбесіне мәліметтер нысаны

1. Қызметтің барлық кіші қызмет түрлері үшін:

1) Тиісті білімі мен мамандығы бойынша кемінде бір жыл практикалық жұмыс тәжірибесі бар техникалық басшылар мен

мамандардың білікті құрамының тізімі:

тегі, аты, жөні, лауазымы _____;

тағайындау туралы қол қойылған бұйрықтың нөмірі және күні _____;

мамандығы бойынша жұмыс өтілі _____;

білімі бойынша мамандығы _____;

жоғарғы техникалық білімі туралы дипломның нөмірі мен берілген күні _____;

байланыс саласында даярлық және біліктілігін арттыру бойынша курстардан өткені туралы куәліктерді немесе сертификаттарды беру нөмірі мен күні _____

2) "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17 және 19-баптарының талаптарына

сәйкес Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілген байланыс операторының

деректер таратуды өлшеу жүйесі мен қосылу ұзақтығын өлшеу жүйесі бар болуы міндетті трафикті есепке алу жүйелері:

тексеру сертификатының нөмірі мен күні _____

3) "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес барлық байланыс желілерінде жедел-ізвестіру, қарсы

барлау шараларын жүргізуді қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ барлық байланыс желілеріндегі абоненттер туралы қызметтік

ақпаратты жинау және екі жыл ішінде сақтауды жүзеге асыру мүмкіндігі бар аппараттық-бағдарламалық және техникалық

құралдар:

сәйкестік сертификатының нөмірі мен күні _____;

жедел-ізвестіру, қарсы барлау шараларын жүргізу функцияларымен телекоммуникациялық құрылғыларды пайдалануға

енгізуге берілген актісінің нөмірі мен күні _____

2. Жылжымалы жерсеріктік байланыс қызметтерін көрсету үшін:

1) Жерсеріктік байланыстың жердегі станциялары:

берілген сәйкестік сертификатының нөмірі мен күні _____

